

## Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Алматы облысы Балқаш ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 17 наурыздағы № 32 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2017 жылы 6 сәуірде № 4173 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Балқаш ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 17 мамырдағы № 137 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Балқаш ауданы әкімдігінің 17.05.2024 № 137 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 06 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 7) тармақшасына және "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13898 тіркелген) сәйкес, Балқаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан ұйымдар үшін ұйымның жұмыскерлерінің тізімдік санының үш пайыз мөлшерінде жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. С. Смағұловқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Г. Токпеисов*